

"Бір өтініш негізінде электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 472 бұйрығына езгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 127/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 9 сәуірде № 20349 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2023 жылғы 31 наурыздағы № 129/НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 31.03.2023 № 129/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бір өтініш негізінде электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 472 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8560 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінде 2013 жылғы 23 қазанды № 299 (27573) болып жарияланған) мынадай езгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір өтініш" қағидаты бойынша электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған "Бір өтініш" қағидаты бойынша электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары бекітілсін".";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бір өтініш қағидаты бойынша электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрі*

*A. Жумагалиев*

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар  
және аэроғарыш өнеркәсібі  
министрінің  
2020 жылғы 6 сәуірдегі  
№ 127/НҚ бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрінің  
2013 жылғы 21 маусымдағы  
№ 472 бұйрығымен  
бекітілген

## **"Бір өтініш" қағидаты бойынша электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы "Бір өтініш" қағидаты бойынша электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді және "бір өтініш" қағидаты бойынша электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын қөздейтін мемлекеттік қызметті көрсету нысаны;

2) Бірыңғай байланыс орталығы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;

3) көрсетілетін қызметті алушы – орталық мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерін, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарын, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін қоспағанда, жеке және заңды тұлғалар;

4) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсететін орталық мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

6) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысандарда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізуіндік бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

## **2-тaraу. "Бір өтініш" қағидаты бойынша электрондық нысанда бірнеше мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі**

3. "Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті берушімен көрсетілетін қызметті алушының бір өтініші негізінде мемлекеттік ақпараттық жүйелерде осындай қызметті көрсету үшін талап етілетін қажетті деректермәліметтер болған жағдайда көрсетіледі.

4. Егер "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің құрамына кіретін, "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі – ЗТНҚА) өзгеше көзделмесе, "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің құрамына кіретін әрбір мемлекеттік қызметті көрсету, "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

5. "Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің құрамына кіретін мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдері ЗТНҚА-ға сәйкес анықталады.

"Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің құрамына кіретін мемлекеттік көрсетілетін қызмет мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушылар ұсынған өтінішті және (немесе) талап етілетін құжаттарды және (немесе) мәліметтерді алған қуннен бастап көрсетілетін қызметті берушілер ЗТНҚА-ға сәйкес көрсетіледі.

6. "Бір өтініш" қағидаты бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетудің ақылы болуы (құны, төлеу әдісі (қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз есептесу), құнын (алым, төлем) төлеу кезінде толтыру талап етілетін құжат (түбіртектер) нысаны ЗТНҚА-ға сәйкес анықталады.

7. "Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің құрамына кіретін мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін өтінішті және (немесе) құжаттарды және (немесе) мәліметтерді беру ЗТНҚА-ға сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші бастапқыда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің құрамына кіретін басқа да мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті шарт болып табылатын көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі және бастапқы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтініші келесі қызметті алу үшін талап етілетін мәліметтермен толықтырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің мәліметтерімен толықтырылған көрсетілетін қызметті алушының өтініші портал арқылы автоматты режимде "бір

"өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті одан әрі көрсету үшін басқа көрсетілетін қызметті берушілерге жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетуге берген көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініші порталда сақталады және көрсетілетін қызметті берушілердің тексеру жүргізуі үшін қолжетімді.

9. "Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіletіn мемлекеттіk қыzmettіn құramыna kіretіn мемлекетtіk қыzmettі kөrsetu tәrtibі men mәrtебесi туралы aқparatты kөrsetіletіn қыzmettі alushy қашықтықtan қol жetkіzu режиміnde порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы arқылы алады.

10. Көрсетіletіn қыzmettі berushіler ZTHҚA-ғa сәйкес aйқыndalғan jaғdайларда "бір өтініш" қағидаты бойынша көrsetileтіn мемлекетtіk қыzmettіn құramыna kіretіn мемлекетtіk қыzmettі kөrsetudeн bas тартады.

11. Көrsetileтіn қыzmettі alushylarғa "бір өтініш" қағидаты бойынша kөrsetileтіn мемлекетtіk қыzmettіn құramыna kіretіn мемлекетtіk kөrsetileтіn қыzmettіn nәtiжelerіn beru ZTHҚA-да belgilegen tәrtipke сәйкес жүzеге aсыryлады.

12. Егер kөrsetileтіn қыzmettі alushy "біr өtіnіsh" қaғidatы bойыnsha kөrsetileтіn мемлекетtіk қыzmettіn құramыna kіretіn мемлекетtіk kөrsetileтіn қыzmetterdіn nәtiжelerіmen keliспеген jaғdайda, kөrsetileтіn қыzmettі alushy olardы ZTHҚA-да aйқыndalғan tәrtippen olarғa шaғымданады.

13. Мемлекетtіk kөrsetileтіn қыzmettі automattandыru dәrejесіn eскере отырып, өtіnіshтерdі қabyldau жәne (немесе) "біr өtіnіsh" қaғidatы bойыnsha kөrsetileтіn мемлекетtіk қыzmetterdіn nәtiжесіn beru elektronдық жәne (немесе) қaғaz nysanda жүzеге aсыryлады.